

Баспабас (тауар айырбасы) операцияларын жүзеге асырудың тәртібі, оған салық салудың шарттары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 15 қыркүйек 1992 ж. N 763. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.19. N 331 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "1992 жылы валюта қорын жасау және экспорт салығын енгізу, валюта операцияларын жүзеге асыруға бақылауды күшейту туралы" 1992 жылғы 10 сәуірдегі N 716 қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Шетелдік мемлекеттердің кәсіпорындарымен және ұйымдарымен, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің кәсіпорындарымен және ұйымдарымен жүзеге асырылатын баспабас операцияларға экспортқа шығарылатын тауардың дүниежүзілік баға бойынша контракттық құнына шағын есептелетін және республиканың территориясында тіркеліп, орналасқан меншік нысандары мен ведомстволық иелігіне қарамастан барлық заңды және жеке адамдардан Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 10 сәуірдегі N 716 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкісі өнім жөнелтілген айы мен күніне қарай белгілеген нарықтық курс бойынша сомға қайта есептелген экспорт салығының проценттік ставкалары мөлшерінде салық салынады деп белгіленсін.

2. Мемлекеттік маңызы бар тауарлар бойынша баспабас операцияларды жүзеге асыру кезінде экспортқа шығарылатын өнімнің контракттық құнының кемінде 50 проценті жабдықтар, технологиялар, шағын зауыттар, қолда бар импорт жабдықтарына арналған жинақтаушы және босалқы бөлшектер сатып алуға жұмсалады деп белгіленсін.

3. Осы тәртіп 1992 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданылатын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі